

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының
2012ж.20.11. № 48/12 шешіміне қосымша

«KEGOC» АҚ Жарғысының өзгерістері мен толықтырулары

«KEGOC» АҚ Жалғыз акционерінің шешімімен бекітілген «KEGOC» АҚ Жарғысына («Самұрық-Қазына» АҚ 2009 жылғы 25 желтоқсандағы № 65-б бұйрығы) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 7-баптың 1-тармағы 1) тармақшасы «Жалғыз акционер» деген сөздерден кейін ««Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі - Кор);» деген сөздермен толықтырылсын;

2. 9-баптың 1-тармагында:

1) 4) тармақша алынып тасталсын;

2) 6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) заннамада белгіленген тәртіpte Қоғамның Басқарма төрағасын тағайындау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату мәселелерін келісу;».

3) мынадай мазмұндагы 20) тармақшамен толықтырылсын:

«20) Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілік өлшемдерін және Директорлар кеңесі мүшелерінің тәуелсіздігі өлшемдерін бекіту.».

3. 10-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Директорлар кеңесінің айырықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау, сондай-ақ Қоғамның даму стратегиясын бекіту;

2) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

3) Қоғамның жылдық қаржылық есептесін алдын-ала бекіту;

4) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын анықтау;

5) Жалғыз акционерге Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын және Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі жылдық дивидендінің мөлшерін болу тәртібі гуралы ұсыныстар беру;

6) жарияланған акциялар санының шегінде акцияларды орналастыру (сату) гуралы, соның ішінде орналастырылатын (сатылатын) акциялар саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

7) Қоғамның Басқарма төрағасын тағайындау және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ онымен еңбек карым-қатынастарын мерзімінен бұрын тоқтату;

8) Баскарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, Баскарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) Басқарма төрағасы мен оның мүшелерінің лауазымдық айлықакы мөлшерлері мен оларға еңбекакы және сыйнықакы төлеу шарттарын анықтау;

10) Ішкі аудит қызметтің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметтің жұмыс тәртібін, лауазымдық айлықакы мөлшерлерін, Ішкі аудит қызметтің қызметкерлеріне еңбек акы және сыйакы төлеу шарттарын анықтау;

11) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Корпоративтік хатшының лауазымдық айлықакысы молшері мен еңбек акы және сыйакы төлеу шарттарын анықтау;

12) Қоғамның ішкі қызметтің реттейтін құжаттарды (Қоғамның қызметтің үйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), сонын ішінде аукциондар мен Қоғамның бағалы кагаздарына жазылуды жүргізу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

13) Қоғамның шетелдегі филиалдары мен өкілдіктерін ашу және жабу туралы шешімдерді қабылдау, сондай-ақ олар туралы ережелерді бекіту;

14) Қоғамның басқа үйымдарды құруы туралы немесе оларды құруға Қоғамның қатысуы туралы шешімдерді қабылдау;

15) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың он және одан көп пайыз акцияларын (жарғылық капиталдагы қатысу үлесін) сатып алуы туралы шешім қабылдау;

16) ірі мәмілелер және «Ұлттық әл-аукат коры туралы» Қазақстан Республикасының Занына сәйкес Қорлың Директорлар кеңесі анықтайтын тәртіп негізінде Қоғамның Басқармасы шенім қабылдайтын мәмілелерді қоспағанда, жасалуында Қоғамның мүлдесі бар мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау;

17) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру және олардың сандық құрамын анықтау, комитеттердің өкілеттік мерзімін анықтау, комитеттердің төрағасы мен мүшелерін сайлау, олар туралы ережелерді бекіту;

18) Қоғамның орталық аниараты қызметкерлерінің жалны саны мен құрылымын, сондай-ақ Корпоративтік хатны қызметтің штаттық кестесін бекіту;

19) Қоғамның есепке алу саясатын бекіту;

20) Жалғыз акционер белгілеген тәртіpte Қоғамның Даму жоспарын бекіту;

21) Директорлар кеңесі келісетін және бекітетін Қоғамның, сондай-ақ еншілес және бағынысты заңды тұлғалардың базасы қызметкерлерінің лауазымдары тізбесін анықтау;

22) Қоғамның тәуекелдерін басқару жүйесінің сакталуын және оның тиімділігін бағалауды қамтамасыз ету және Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесін реттейтін құжаттардың, сонымен катар, бірақ онымен шектелмей. Тәуекелдерді басқару саясатын. Тәуекеллер бойынша лимиттер белгілеу қағидаларын бекіту;

- 23) тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептерлі бекіту;
- 24) Қоғам тәуекелдерінің тізімдемесі мен карталарын, тәуекелдер матрицалары мен бақылауларын бекіту;
- 25) Қоғамның тоқтату кабілетін (тауекел тәбетін), Қоғамның әрбір негізгі тәуекеліне қатысты төзімділік деңгейін бекіту;
- 26) Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;
- 27) Директорлар кенесі мүшелерінің Қоғамның қызметі, оның ініде қаржы қызметі туралы ақпаратты алу ғарібі мен мерзімін белгілеу;
- 28) бағалау жүйесін бекіту және Қоғамның, Директорлар кенесінің Қоғамның Директорлар кенесі Комитеттерінің, Қоғам Басқармасының жекелеген мүшелерінің, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жұмысын бағалауды жүргізу;
- 29) Қоғамның Басқарма мүшелеріне, Ішкі аудит қызметінің енбеккерлеріне, Корпоративтік хатшыга енбекакы мен сыйақы төлеу туралы ережелері мен олардың лауазымдық айлық ақыларының схемасын бекіту;
- 30) Қоғамның қызметкерлеріне әлеуметтік колдау көрсету ережесін бекіту;
- 31) Директорлар кенесін өткізу туралы Директорлар кенесінің мүшелеріне хабарламалар жіберу тәртібін белгілеу;
- 32) белгіленген тәртіптен корпоративтік дауларлы реттеу;
- 33) бұрынғы Директорлардың Директорлар кенесінің құрамындағы олардың қызметі тоқтатылғаннан кейін Қоғам туралы ішкі (қызметтік) ақпаратты жарияладау уақытының ұзактығын белгілеу;
- 34) Басқарманың қызметін бақылау;
- 35) Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне бага беруді жүргізуді қамтамасыз ету және Жалғыз акционерге аткарылған жұмыстар туралы есеп беру;
- 36) Қоғам Басқармасының мүшелеріне басқа үйымдарда жұмыс істеу мүмкіндіктеріне қатысты келісім беру туралы шешім қабылдау;
- 37) Қоғамның жылдық есебін дайындауды қамтамасыз ету және Жалғыз акционер белгілеген тәртіpte және мерзімде ұсыну, сондай-ақ оны алдын ала бекіту;
- 38) Жалғыз акционерге Қоғамның қаржылық-шаруандық қызметіне жүргізілген тексеріс нәтижелері туралы ақиарат беру;
- 39) Корпоративтік басқару кодексін, оларға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды алдын ала қарау және оны Жалғыз акционерлің қарауына енгізу;
- 40) мәселелерді Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына шыгару;
- 41) Ішкі аудит қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін қарау және солар бойынша шешім қабылдау (Директорлар кенесі жаңындағы Аудит комитетінің ұсынымы бойынша);
- 42) Қоғамның Басқарма мүшелері үшін негізгі қызмет көрсеткіштері мен олардың мақсаттық мәндерін (Директорлар кенесі жаңындағы Тағайындаулар мен сыйақылар жоніндегі комитеттің ұсынымы бойынша).

Ішкі аудит қызметінің басшысын (Директорлар кенесі жаңындағы Аудит комитетінің ұсынымы бойынша) және корпоративтік хатының бекіту;

43) Қоғамның бұрынғы тіркеушісімен шарты бұзылған жағдайда Қоғамның тіркеушісін таңдау;

44) Қоғамның мәміле жасауы немесе бір-бірімен өзара байланысты мәмілелер жиынтығы туралы шешім қабылдауы, соның нәтижесінде Қоғам құны Қоғам активтерінің жалпы құны мөлшерінің он және одан көп пайзызын құрайтын мүлкіті сатып алады немесе иеліктен шыгарады (сатып алуы немесе иеліктен шыгаруы мүмкін);

45) Қоғамның даму стратегиясын іске асыру мониторингін жүзеге асыру;

46) дамудың орташа мерзімдік жоспарын іске асыру мониторингін жүзеге асыру;

47) Директорлар кенесінің жұмысын қамтамасыз етуге кәжетті жылдық шығыстар сомасын белгілеу;

48) қызметтің негізгі көрсеткіштерінің мақсаттық мәндеріне кол жеткізу мониторингін жүзеге асыру;

49) Жалғыз акционерге Қоғамның дивидентік саясатына қатысты ұсынымдар беру;

50) Қоғамның аудиттелген аралық қаржылық есептемесін макұлдау;

51) Жалғыз акционерге аудиторлық үйімга және оның көрсеткен қызметіне ақы төлеу мөлшеріне қатысты ұсынымдар беру;

52) сыртқы аудиттің сапасы мен тәуелсіздігін бакылау;

53) сыртқы аудит жөніндегі саясатты бекіту;

54) Басқарма мүшелерімен, Ішкі аудит қызметінің басшысымен және корпоративтік хатшымен жасалатын шарттың таланттарын бекіту;

55) Басқарма мүшелері мен басқа басшы қызметкерлердің сабактастығын жоспарлау бағдарламасын бекіту;

56) Жалғыз акционерге Директорлар кенесінің мүшелеріне койылатын біліктілік өлшемдері мен тәуелсіздік өлшемдерінде қатысты ұсынымдар беру;

57) Жалғыз акционерге Қоғамның Директорлар кенесінің мүшелерінен сыйақылар төлеуді белгілеу тәртібі мен оның таланттары, мөлшері жөнінде ұсынымдар беру;

58) корпоративтік хатшы туралы ережені бекіту;

59) Қоғамдағы корпоративтік басқару іс-тәжірибесінің тиімділігін бакылау;

60) Қоғамның акпараттық саясаты жөніндегі ішкі күжаттарды бекіту;

61) Қоғамның акпараттық қауіпсіздік жөніндегі ішкі күжаттарды бекіту;

62) іскерлік этика кодексін бекіту;

63) Қоғамның Басқармасы туралы ережені бекіту;

64) мұдде даулары мен корпоративтік дауларды реттеу жөніндегі ішкі күжаттарды бекіту;

65) Директорлар кенесі туралы ережені көснаганда, Қоғамның
Директорлар кенесінің қызметтің реттейтін күжаттарды бекіту;

66) Қоғамның демеушілік және қайырымдылық комегі саласындағы
ішкі күжатты бекіту;

67) Қоғамның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі ішкі
күжатты бекіту;

68) акцияларының он немесе одан көп пайызы (жарғызық капиталданғы
қатысу үлесі) Қоғамға тиесілі заңды тұлғалар акционерлерінің
(қатысушыларының) жалпы жинальсының құзыреттіне жататын қызмет
мәселелері бойынша шешімдер кабылдау:

- акционерлік қоғамды ерікті түрде кайта күру немесе тарату;

- акционерлік қоғамның жария етілген акцияларының санын қобейту
немесе акционерлік қоғамның жария етілген орналастырылмаған
акцияларының түрін өзгерту туралы шешім кабылдау;

- акционерлік қоғамның бағалы қағаздарын айырбастағау, сондай-ақ
оларды өзгерту шарттары мен тәртібін анықтау;

- акционерлік қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы
қағаздарды шығару туралы шешім кабылдау;

- орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне
аудыстыру туралы шешім кабылдау, осында аудыстыру шарттары мен
тәртібін анықтау;

- директорлар кенесінің сандық қурамын, өкілеттік мерзімін анықтау,
оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату,
сондай-ақ директорлар кенесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін
орындағаны үшін төленетін сыйақыларының мөлшері мен шығыстарының
өтемақысын төлеу шарттарын анықтау;

- Қор Басқармасымен келісе отырын, Қор Басқармасы бекітетін тізбеке
сай барлық дауыс беруші акциялары (қатысу үлесі) Қоғамға (Қор тобының
шешберінде) тікелей немесе жанама тиесілі тұлғалардың атқарушы
органдарының басшыларын тағайындау және олармен жасалған еңбек
қатынастарын белгіленген тартіпте кейіннен мерзімінен бұрын тоқтатумен
өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

- акционерлік қоғамның басқа заңды тұлғаларды күру туралы немесе
оларды қызметтіне қатысуы немесе акционерлік қоғамға тиесілі барлық
активтердің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сомада
активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөліктерін беру (алу) жолымен өзге
занды тұлғаларды қатысушылардың (акционерлердің) құрамынан шығару
туралы шешімдерді кабылдау;

- «алтын акцияны» жүргізу және жою;

- жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің атқарушы органын құру және
оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ жауапкершілігі
шектеулі серіктестікті немесе оның мүлігін сенімгерлікпен басқаруга беру
туралы шешім кабылдау және осыған байланысты беру шарттарын анықтау;

- Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің бакылау кенесін және
(немесе) тексеру комиссиясын (тексеруний) сайлау және олардың

екілеттіктерін мерзімінен бұрын токтату, сондай-ақ жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің тексеру комиссиясынын (тексерушісінің) есептері мен корытындыларын бекіту;

- жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің өзге шаруашылық серіктестерге, сондай-ақ коммерциялық емес үйымдарға катысуы туралы шешім;

- жауапкершілігі шектеулі серіктестікті кайта үйымдастыру немесе тарату туралы шешім;

- жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің барлық мүлігінің кепілдігі туралы шешім;

- «Жауапкерлігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Занын 39-бабына сәйкес жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің мүлігіне қосымша жарна енгізу туралы шешім;

69) Қоғамның және акцияларын (катысу боліктерін) тұра не жанама иеленетін заңды тұлғалардың активтерін басқару мәселелерін реттелімдейтін құжатты бекіту (кайта құрылымдау, кайта үйымдастыру, тарату, сатып алу және/немесе мүліктен айыру, сенімді басқаруга тапсыру, ауыртпалықты тану/құру және т.б. мәселелерді қоса, бірақ та шектеліп қалмай), оны іске асыру мониторингі, сондай-ақ аталған құжатты мезгілдік негізде кайта карау;

70) акцияларын (катысу үлесін) тікелей немесе жанама иеленетін заңды тұлғаларда лауазымды тұлғаларды тағайындау катысында саясаттар жасау;

71) оның меншік капиталының он және одан аса пайыз мөлшерін құрайтын мөлшерге Қоғам міндеттемелерін үлгайту туралы шешімдер қабылдайды;

72) Қазақстан Республикасының заңпамасымен және осы Жарғымен қарастырылған, Жалғыз акционердің айрықина күзыретіне жатқызылмайтын өзге де мәселелер.».

4. 14-бапта:

1) 4-тармақта «10 күннен кешіктірмей» сөздері «15 күннен кешіктірмей» сөздерімен алмастырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 7-тармакпен толықтырылсын:

«7. Директорлар кеңесінің отырысына материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыстын жорамал датасына дейін 10 жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберілуі тиіс.».

5. 15-баптың 9-тармагы мынадай редакцияда мазмұндалсын:

«9. 10-баптағы 4-тармақтың 1), 3), 5), 7)-11), 14)-18), 20), 22)-26), 42), 44), 48)-53), 69) тармакшаларымен қарастырылған мәселелерді, сондай-ақ инвестициялық/несиелік жобаларды және кадр мәселелерін қарау кезінде Директорлар кеңесінің сырттай нысандагы отырысын өткізуге жол берілмейді.».

6. 18-баптың 1-тармагы мынадай редакцияда жызылсын:

«1. Қоғам Басқармасы:

- 1) Қоғамның даму стратегиясын, Қоғамның даму жоспарын азірлейді, макулдайды және Директорлар кеңесіне ұсынады;
- 2) Қоғамның даму стратегиясын, Қоғамның даму жоспарын, Қоғамның бюджеттің іске асыруды жүргізеді, сондай-ақ олардың орындалуы үшін жауапкершілікке ие болады;
- 3) Қоғам акциялары бойынша үлеспайдалар мөлшерінің болжамдық көрсеткіштерін Жалғыз акционер айқынданан мерзімдерде Директорлар кеңесіне ұсынады;
- 4) Қоғамда ішкі бақылау және тауекелдерді басқару рәсімдерін азірлейді;
- 5) Директорлар кеңесіне Қоғамның тауекелдерді басқару жүйесіндегі елеулі кемшіліктегі туралы хабарлайды;
- 6) Қорам қызметін ұйымдастыру максатында азірленген Қоғамның ішкі құжаттарын, соның ішінде менеджменттің біріктірілген жүйесі жөніндегі құжаттаманы бекітеді;
- 7) Қоғамның «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен солардың жасалуына қатысты ерекше талаптар белгілеген Кор тобына кіретін ұйымдармен мәмілелерді «Ұлттық әл-ауқат туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Кордың Директорлар кеңесімен айқындалған тәртіп негізінде жасау туралы шешім қабылдайды.»;
- 8) Директорлар кеңесі бекіткен құрылым мен Қоғамданы орталық аппарат еңбеккерлерінің жалпы саны ескеріле Қоғамның орталық аппаратының штат кестесі бекітіледі;
- 9) Қоғамның акцияларын төлеуге тапсырылған немесе ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарыктық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметтерін төлеу мөлшерін аныктайды;
- 10) құрылтайшының құзыретіне жатқызылатын Мекемелер қызметінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;
- 11) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық яки озге де заңмен сакталатын құпияны құрайтын қызметі туралы акпаратты айқынайды;
- 12) қайырымдылық және демеушілік комек корсету туралы шешім қабылдайды;
- 13) мәселелердің Қоғамдагы Директорлар кеңесінің карауына шығарылуын қамтамасыз етеді;
- 14) Қоғамның Даму жоспары шенберінде (сарапланған бюджет барда) Қоғамның сарапланған бюджеттің бекітеді;
- 15) Қазақстан Республикасының аумағында Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдайды, сондай-ақ олар туралы ережелерді бекітеді;
- 16) Қоғамдағы әкімшілік және басқаруны еңбеккерлердің еңбекақысы мен сыйлықақысы және лауазымдық қызметакы тәсімі туралы қагидаларды бекітеді (Баскарма мүшелерінен, Ішкі аудит қызметінен, Қоғамның корпоративтік хатшысынан басқасы);
- 17) Қоғамның еңбеккерлері орындауы үшін міндеттілі шешімдер қабылдайды;

- 18) Директорлар кеңесінің және Жалыз акционердің қаруына шығарылатын мәселелерді алдын ала қарайды;
- 19) Қоғамның экология, енбек коргау және қауіпсіздік саласындағы ішкі нормативтік актін бекітеді;
- 20) он және одан аса акциялар пайызы (жарғыстық капиталданғы жалпы жиналышы құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды:
 - акционерлік қоғамның жарғысына озгерістер мен толыктырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
 - Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ак оған егер де осы кодексті қабылдау акционерлік қоғам жарғысымен қарастырылған жағдайда озгерістер мен толыктыруларды бекіту;
 - санақ комиссиясының сандық құрамын және үкілеттіктер мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың үкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - акционерлік қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;
 - жылдық қаржылық есептемені бекіту;
 - есептік қаржылық жыл үшін акционерлік қоғамның таза табысын белгісу тәртібін бекіту, жәй акциялар бойынша үлеспайдаларды төлеу туралы шешім қабылдау және акционерлік қоғамның бір жәй акциясына есептелген үлеспайда мөлшерін бекіту;
 - акционерлік қоғамның жай акциялары бойынша үлеспайдаларды төлемеу туралы шешім қабылдау;
 - акционерлік қоғам акцияларының еркін делистингі туралы шешім қабылдау;
 - акционерлік қоғамның акционерлерге акционерлік қоғамның жалпы жиналышын шақыру туралы хабарлама нысанын айқындау және осындай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жайтастыру туралы шешім қабылдау;
 - «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес акцияларды акционерлік қоғамның ұйымдастырылмаган нарыкта сатып алуы кезінде олардың құнын анықтау әдістемесіне озгерістерді бекіту (әдістемені егерде ол құрылтайшылық жиналышта бекітілмесе бекіту);
 - акционерлердің жалпы жиналышының күп тәртібін бекіту;
 - акционерлерге акционерлік қоғам туралы ақпаратты ұсыну тәртібін айқындау, соның ішінде егер де мүндай тәртіп акционерлік қоғам жарғысымен анықталмаса, бұқаралық ақпарат құралын айқындау;
 - солар бойынша шешімдер қабылдау «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және (немесе) акционерлік қоғамның жарғысымен акционерлердің жалпы жиналышының айриқша құзыретіне жатқызылатын өзге де мәселелер;
 - жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғысын оның жарғылық капитал мөлшерінін, орналасқан жерінің және фирмалық атауының озгерісін

көсө отырып өзгерту немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғысын жана редакцияда бекіту;

- жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жылдық каржылық сеңтемені бекіту және таза табысын болісу;

- бекітуі жауапкершілігі шектеулі серіктестік жарғысымен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің озге органдарының күзыретіне жатқызылатын құжаттардан басқа інкі кандидатты, отарды кабылдау расімдерін және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің інкі қызметін піштейтін өзге де құжаттарды бекіту;

- тарату комиссиясын тағайындау және тарату тәнгерімдерін бекіту;

- жауапкершілігі шектеулі серіктестікке катысушыдан «Жауапкершілігі шектеулі косымша серіктестік туралы» Қазақстан Республикасының Занының 34-бабына сәйкес үлесін мәжбүрлі сатып алу туралы шешім;

- жауапкершілігі шектеулі серіктестік катысушылары мен үлестердің сатып алушыларға жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қызметі туралы акпаратты ұсыну тәртібі мен мерзімдерін бекіту;

21) Қогамның мәміле не өзара байланысқан мәмілелер жиынтығын жасау туралы шешім кабылдайды, соның (солардың) нәтижесінде шешімді осы Жарғыға сәйкес Қогамның баскарма төрағасы кабылдайтын мәмілелерден басқа құны Қогам активтерінің жалын құны молшерінің бес нақодан аса не он пайыздан кем мүлікті Қогам сатып алады немесе иелігіне айнады (сатып алыну не иелігіне айруы мүмкін);

22) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қогам Жарғысымен Қогамның басқа органдары күзыретіне жатқызылмайтын Қогам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер кабылдайды.

7. 18-баптың 5-тармағында «Сыйакылар жөніндегі комитет» сөздері «Тағайындаулар және сыйакылар жөніндегі комитет» сөздерімен алмастырылсын.».

8. 20-балтағы 2-тармақтың 3) тармакшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Қогамның үшінші тұлғатармен катынастарындағы ұсыну күкірьина сенімхаттар береді, сондай-ак бүйректар мен оқімдер ингәрады».

9. 20-баптың 3-тармагы алының тасталсын.

Баскарма Төрағасы

Б. Қажиев